«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Карипбаев Жасулан Болатбековичтің – «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№ п/п	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ж.Б. Карипбаевтың «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтарына және ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұны негізгі стратегиялық және салалық мемлекеттік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерімен өзара үйлеседі.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия белгілеген «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарының талаптарына толық сәйкес келеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) **диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қарсы мінез-құлқын әкімшілік-құқықтық тұрғыдан талдауға бағытталған жаңа ғылыми бағыттың дамуына елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыста отандық құқықтық жүйеде алғаш рет жасөспірімдердің кибер құқық бұзушылықтары дербес құқықтық құбылыс ретінде кешенді түрде ғылыми тұрғыда негізделіп, оның негізгі белгілері, құрылымдық элементтері және құқықтық реттеу механизмдері жүйеленген. Сонымен қатар, зерттеу аясында әкімшілік жауаптылық институтының ерекшеліктері, ата-аналардың құқықтық жауапкершілігі, интернет-провайдерлер қызметін құқықтық регламенттеу, сондай-ақ цифрлық дәлелдемелерді қолданудың процессуалдық тәртібі заманауи теориялық көзқарастар тұрғысынан қарастырылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың орындалу сапасы жоғары деңгейде, ұсынылған материалдар мазмұндық жағынан бай әрі түсінікті түрде баяндалған. Ізденуші зерттеу барысында халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілерге терең салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізіп, оларды жүйелеу, алынған нәтижелерді кешенді сараптау, сондай-ақ ғылыми мақалаларды әзірлеу мен жариялау кезінде дербес ғылыми пайымдаулар мен шешімдер қабылдау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің жоғары екенін көрсетті.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі диссертант тарапынан жан-жақты және толық негізделген. Зерттеудің өзектілігі Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын реттейтін құқықтық базаның жеткілікті дамымағаны және осы салада халықаралық тәжірибені енгізу қажеттілігімен айқындалады. Автор мәселені кешенді түрде талдап, ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды ұсыныстар ұсынады. Ізденуші диссертацияны орындау барысында алынған барлық нәтижелерін ғылыми тұрғыдан негіздеп, олардың практикалық маңыздылығын дәлелдей алған.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып, оның ғылыми бағыт-бағдарын дәл айқындайды. Жұмыс құрылымы кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады, әрі қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді. Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, оның қазақстандық және шетелдік ғалымдар тарапынан зерттелу деңгейі жан-жақты сипатталған. Бірінші тарауда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын айқындау және оларды жіктеу мәселелері кеңінен талданған. Екінші тарауда Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесі шеңберінде жасөспірімдердің кибер құқық бұзушылықтарына қатысты қолданылатын құқықтық нормалар кешені зерттелген. Үшінші тарауда зерттеудің практикалық аспектілері қарастырылып, кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын алдын алу мен құқық қорғау қызметін жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар әзірленген. Төртінші тарауда кибер құқық бұзушылықтарға қатысты әкімшілік-құқықтық базаны жетілдірудің перспективалық бағыттары негізделеді. Әрбір тарау тиісті қорытындылармен түйінделіп, диссертацияның жалпы нәтижелерімен логикалық түрде байланыстырылған, сондай-ақ қорғауға ұсынылған тұжырымдардың мазмұны жүйелі түрде дәлелденген.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттері тақырыппен толық үйлеседі. Автор жүргізген зерттеу алға қойылған мақсатқа қол жеткізіп, ғылыми мәні жоғары және мазмұндық тұрғыдан маңызды зерттеулер қатарына жатады. Зерттеу тақырыбына негізделген мақсат диссертацияның жалпы бағытына толық сәйкес келеді.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық зерттеуінде барлық бөлімдер өзара тығыз байланыста болып, логикалық бірізділік сақталған. Құрылымы бойынша жұмыс кіріспеден, 4 бөлімнен,

		1) **толық байланысқан;**	қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация диссертациялық жұмысты рәсімдеу талаптары мен нормаларына сәйкес дайындалған. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар логикалық тұрғыдан негізделген және дәйекті түрде ұсынылған.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен тарихи дереккөздерге сүйене отырып, жан-жақты сыни талдау жүргізген. Ұсынылған жаңа ғылыми шешімдер негізді болып, ғылыми айналымдағы арнайы тұжырымдар мен қағидалармен салыстырылып, ойластырылған түрде ұсынылған. Сыни талдау нәтижесінде автор өз көзқарасын басқа ғалымдардың тұжырымдарымен дәлелдеп, дәйекті түрде ұсынған.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық жұмысында ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдар толық жаңалық сипатында болып, олардың теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары. Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары ұлттық әкімшілік құқық шеңберінде алғаш рет дербес құқықтық категория ретінде ғылыми тұрғыдан негізделіп, оның құрамдас элементтері, түрлері және реттеу тетіктері жүйелендірілген. Әкімшілік іс жүргізуде цифрлық дәлелдемелерді қолдану, ата-аналардың құқықтық жауапкершілігі мен міндеттерін нақтылау, интернет-платформалардың рөлін анықтау сияқты аспектілер жаңа ғылыми қағидалар ретінде ұсынылған. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарды ұлттық құқыққа бейімдеу бойынша әзірленген ұсынымдар бұрын толық зерттелмеген бағытқа жаңаша ғылыми көзқарас енгізеді.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары жаңашыл сипатқа ие болып, кибер кеңістіктегі жасөспірімдердің құқыққа қарсы мінез-құлқын әкімшілік-құқықтық тұрғыда реттеу моделін
		1) **толығымен жаңа;**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	жетілдіруге бағытталған тың ғылыми тұжырымдармен айқындалады. Бұл қорытындылар кәмелетке толмағандардың цифрлық ортадағы мінез-құлық ерекшеліктеріне құқықтық тұрғыдан алғаш рет кешенді баға беріп, әкімшілік жауаптылықтың оңтайлы шектерін, сондай-ақ профилактикалық және тәрбиелік ықпал ету шараларының өзара үйлесімін айқындауды көздейді. Ұсынылған ғылыми шешімдер бұрын қалыптасқан теориялық ұстанымдарды толықтырып, ұлттық құқық жүйесіндегі қолданыстағы олқылықтарды жоюға бағытталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген әрі жаңашылдығымен ерекшеленеді. Әкімшілік іс-жүргізу барысында цифрлық дәлелдемелерді (скриншоттар, лог-файлдар, электрондық хаттамалар) пайдаланудың техникалық және технологиялық тәртібін жетілдіруге арналған ұсыныстар қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде туындап отырған нақты қажеттіліктерді қанағаттандыратын өзекті шешімдер болып табылады. Интернет-платформалармен өзара іс-қимылды құқықтық реттеу, провайдерлерден ақпарат алу рәсімдерін нақтылау, сондай-ақ кибербуллингтің алдын алуға бағытталған басқарушылық механизмдер басқару деңгейінде тиімділігі дәлелденген ғылыми ұсыныстар ретінде ұсынылған. Экономикалық тиімділік тұрғысынан алғанда, цифрлық профилактикалық бағдарламалар мен онлайн-мониторинг құралдарын енгізу ұзақ мерзімді перспективада құқық бұзушылықтардың алдын алуға жұмсалатын шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияда негізделген шешімдер практикалық құндылығы жоғары, кешенді сипатқа ие және заманауи талаптарға толық сәйкес келеді.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізділігі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан толық қамтылған. Олардың дәлелділігі жұмыстың ғылыми ақпараттарының айқындылығымен, мақсат пен міндеттердің логикалық байланысымен және тұжырымдардың деректік негізделуімен қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	**Тұжырым 1:** Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары «әкімшілік-құқықтық» категория ретінде дербес қарастырылуы керек, осыған орай Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) арнайы баптарында (немесе тармақшаларында) «цифрлық деликт» ұғымының нақты критерийлері мен элементтері белгіленуі қажет. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 2:** Цифрлық дәлелдемелерді (скриншоттар, лог-файлдар, электронды хаттар) әкімшілік сот өндірісінде ресми дәлел ретінде танудың процессуалдық тәртібін жетілдіру қажет: провайдерлер мен әлеуметтік желі әкімшілерінен ақпарат сұрату бойынша регламентті нақтылау, электронды құжаттарды растау әдістерін қатаң бекіту. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия

		3) кең	**Тұжырым 3:** Баланың жауаптылық шегі мен ата-ана міндетін ажыратып, тиісті нормаларды айқындау: 14-15 жастағы жасөспірімдердің кибербуллинг, алаяқтық тәрізді әрекеттері үшін кім және қандай көлемде жауап береді, ата-анаға қандай жағдайда айыппұл салу немесе тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану қажет екендігін нақтылау. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 4:** Халықаралық тәжірибе (АҚШ-тағы ата-ана жауапкершілігін күшейту ережелері, Германияның NetzDG заңы, Оңтүстік Кореядағы қосымша түзету бағдарламалары) негізінде Қазақстан заңнамасына бейімделетін нақты ұсыныстар әзірлеу: балаларды интернет-ортада қорғау үшін құқық қолдану органдары мен платформаларға өзара ынтымақтастық орнату тетіктерін енгізу, шетелдік тәжірибені ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп қабылдау. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 5:** Профилактикалық және тәрбиелік шараларды басым ету: кәмелетке толмағандарды қатаң жазалаудан гөрі оларға консультациялық, психологиялық, мінез-құлықты түзету бағытындағы бағдарламаларды кең ауқымда ұсыну механизмін заң жүзінде бекіту. Мұндай шаралар қайталанатын кибер құқық бұзушылықтардың азаюына ықпал етпек. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда қолданылған әдіснаманың ғылыми негізделуі толық қамтылған және ол зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснамалық тәсілдердің таңдауы зерттеу нәтижелерінің объективтілігін, дәлдігін және ғылыми шынайылығын қамтамасыз ететін бірқатар маңызды факторларға сүйенеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи ғылыми-әдіснамалық тәсілдер мен компьютерлік технологияларды пайдалану негізінде алынған. Зерттеу процесінде жалпы ғылыми танымның әртүрлі әдістерімен қатар, білім беру саласындағы ұлттық және халықаралық заңнаманы талдауда салыстырмалы-құқықтық әдіс, сондай-ақ статистикалық талдау тәсілдері кеңінен қолданылған.
		1) ия;	
		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған теориялық қорытындылар, ұсынылған модельдер және айқындалған өзара байланыстар кешенді талдау нәтижелерімен, эмпирикалық деректермен әрі салыстырмалы-құқықтық зерттеулер материалдарымен негізделген. Зерттеу шеңберінде 2020-2025 жылдар аралығындағы ішкі істер органдарының ресми статистикалық мәліметтері, әкімшілік істер жөніндегі сот практикасы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған кибер құқық бұзушылықтарға қатысты нақты деректер жүйелі түрде зерделенген. Бұл материалдар кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі мінез-құлқы мен құқық бұзушылық динамикасы арасындағы заңдылықтарды эмпирикалық тұрғыдан растады.
		1) ия;	
		2) жоқ	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелер мен расталған** /ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған негізгі қағидалар 200-ден астам нақты әрі сенімді ғылыми дереккөздерге, мерзімді ғылыми басылымдарға және нормативтік құқықтық актілерге жасалған сілтемелер арқылы дәлелденген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Зерттеу барысында қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері кең көлемде талданып, тиісті деңгейде ғылыми шолу жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қарсы мінез-құлқын әкімшілік құқық тұрғысынан алғаш рет кешенді әрі жүйелі түрде талдаумен сипатталады. Зерттеуде «кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары» ұғымына ғылыми негізделген анықтама беріліп, оның құрылымдық элементтері, негізгі түрлері және құқықтық реттеу механизмдері бірізді түрде жүйеленген. Сонымен қатар әкімшілік жауаптылықтың шекаралары, цифрлық дәлелдемелердің құқықтық мәртебесі, сондай-ақ ата-аналар мен интернет-платформалардың құқықтық рөліне қатысты жаңа теориялық қағидалар тұжырымдалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық құндылығы айрықша жоғары. Жұмыста алынған нәтижелер әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, кәмелетке толмағандарды интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлерден қорғауға бағытталған жаңа құқықтық тетіктерді енгізуге, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруге нақты бағдар береді. Практикалық маңыздылық келесі бағыттар арқылы дәлелденеді: – ӘҚБтК-ге кибербуллинг, онлайн алаяқтық және цифрлық құқық бұзушылықтардың жаңа нысандарын енгізу жөніндегі ұсыныстар заң шығару қызметінде тікелей пайдалануға әзір. – Цифрлық дәлелдемелерді жинау, ресімдеу және бағалау тәртібін жетілдіруге қатысты ұсынымдар сот және әкімшілік іс жүргізу практикасына тікелей енгізуге мүмкіндік береді.

			– Балалардың цифрлық мінез-құлқын алдын алу, ата-аналардың жауаптылығын нақтылау және профилактикалық шараларды күшейтуге арналған ұсыныстар білім беру ұйымдары, құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтер үшін әдістемелік негіз бола алады. – Интернет-платформалармен, операторлармен және провайдерлермен өзара іс-қимыл тетіктерін айқындауға бағытталған тұжырымдар киберқауіпсіздік саясаты тұрғысынан өзектілігін сақтайды. Жалпы алғанда, зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерді құқық қорғау қызметінде, сот тәжірибесінде, білім беру саласында, сондай-ақ ұлттық цифрлық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру үдерісінде кеңінен қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Ұсынылған практикалық ұсынымдардың барлығы жаңашыл сипатқа ие.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның жазылуы мен ресімделу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу жұмысы осы санаттағы ғылыми еңбектерге қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ.	Диссертациялық жұмысқа қатысты принципті ескертулер мен елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Сонымен қатар, ұсыныстық сипатта зерттеудің жекелеген аспектілерін одан әрі тереңдету мүмкіндігі бар екендігі атап өтіледі. Атап айтқанда, автор ұсынған салыстырмалы-құқықтық талдау шеңберінде жекелеген шетел мемлекеттерінің құқық қолдану тәжірибесін неғұрлым кең және терең қамту зерттеудің қолданбалы маңызын арттыра түсер еді. Аталған ескертпелер ұсынымдық сипатта болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми

			деңгейіне, мазмұндық тұтастығына және қорғауға ұсынылуына әсер етпейді.
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі (единицалық мақалалар топтамасы түрінде диссертация қорғалатын жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты әрбір мақаласының ғылыми деңгейін бағалайды).	Диссертацияда қамтылған негізгі ғылыми ережелер мен тұжырымдар жалпы саны 10 – жарияланған мақалада толық көрініс тапқан. Оның ішінде: 1 мақала – International Journal of Advanced Research in Law and Economics атты халықаралық ғылыми журналда; 3 мақала – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; – 6 материал – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған. Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы аясында жарияланған ғылыми еңбектері мазмұны мен ғылыми деңгейі тұрғысынан жоғары бағалауға толық негіз береді. Аталған жарияланымдар зерттеудің мақсаты мен алға қойылған міндеттерге толық сәйкес келіп, кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қайшы мінез-құлқын әкімшілік-құқықтық реттеу мәселелерін кешенді әрі жан-жақты түрде талдайды.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» атты тақырыптағы «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Карипбаев Жасулан Болатбековичтің диссертациялық жұмысы, ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қортындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Карипбаев Жасулан Болатбековичке «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсыныс жасаймын.	

Ресми рецензент:
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Кадр бөлімі
Отдел кадров

Капсалямова Сауле Серикпаевна